

БАЛАЛЫҒЫМ-АЙ АУЫЛДА ҚАЛҒАН, АУЫЛДЫҢ МҰҢЫ, АРБА САРЫ

Қайтқан қаздың тізбегі,
Құмырсқаның іздері
Жан-жапырағын сарғайтты-ау
Желменен желпіп күз демі.

Жылқы жылдарым жарысып,
Уақыт ауыздықпен алысып.
Ақпанның айы сары аяз,
Кірпікке қары жабысып.

Ауылға қарай беремін
Көздері қалған көненің.
Күнге қақталып кебетін
Құртын сағындым өренің.

Торы атты мініп тағалап,
Қойтасты жүрдік аралап.
Қозы-лақ иісін сіңірген
Қанжығамызда кереқап.

Жұлдыздар ағып сөнерде
Көң иісі сіңген көгенде
Марқа қозы-лақ ұйықтайды
Шаруасы жоқ әлемде.

Көбелек – сәні гүлдердің
Астында қалды бір белдің.
Жыланқияқтан қамшы өріп,
Асықпен ойнап жүрген күн.

Қора салып тастардан,
Жұртымда қара қос қалған.
Балалығымның арманы,
Қара тастарда басталған.

Балағым шаңын сіңіріп еді,
Бала қиялым бірігіп еді.
Сынық ай кейде жабықтан сығалап,
Қылаңда түңілік түріліп еді.

Жылқы жинауға мінем деп атты,
Бозтаңда тауып шідердегі атты.

Күміс шық кешкен тілерсегінен,
Үйге әкелуші ек жүгендеп атты.

Желбегей киіп көк шапандарын
Қой өргізуші еді ақсақалдарым.
Төбесінде ойнап күн шағылысып,
Боялған нұрға қасқа тауларым.

Бордама шаймен талқан қосатын,
Шөлін бір басып, қауқылдасатын.
Тезек жаққанда түтіннің иісі,
Тынысың кеңіп, қолқанды ашатын.

Жаңғырған үнім тауыңда қалған,
Көлеңкеңде ойнап талыңда қалған.
Қалдырып бәрін алыстап кетті,
Балалығым-ай ауылда қалған!

Ауылдың мұңы.

Алай-дүлей ғып миым сананы,
Құлазып ауыл құйын соғады.
Жұрттың көбі жұртынан безіп,
Бес күнгі тірлік тиын санады.

Иесіз ауыл мұң жасырыпты.
Ырыс пен құтын кім қашырыпты?
Қарашаңырақ қурап қалыпты,
Қараошақ күлі құмға сіңіпті,

Жастардың көбі далаға сыймай,
Үй таба алмай жүр қалаға сыймай.
Төрт түлік малы қораға сыймай,
Жүрген күндерін бағаласынба-ай?

«Шыбын жанымды қинаттың» деді.
Торғайдай тоз ғып қираттың нені?
Көктемде судың астында қалады
Бабасы жатқан зираттың көбі.

Қалаға бәрі ағылып жатыр,
Үй жалдап қалта қағылып жатыр.
Қараусыз қалған ауылдың көбі,
Мектеппен бірге жабылып жатыр.

Бекініс еді екі арадағы,
Ауылдың көбі шекарадағы.
Иесіз сиреп қаңырап қалды,
Қай жаққа билік апара алады?

Бас катырмаймыз ауылым-айлап,
Қырықжамау ғып жолын ыңғайлап.
Билік басынан шіріген заман,
Ауылын емес, қарынын ойлап.

Ауылда қалған ата-анаңды ойла,
Жағдайымызға жат алаңдай ма?
Үй болам десең іргеңді қымта,
Ел болам десең шекараңды ойла.

Жастары кетіп қарттары қалды,
Күш қуат бойда жоқтары қалды.
Түтінсіз қалған кей ауылдардың,
Зираты, жұрты аттары қалды.

Бұлттай ауырлап қалың ойларым,
Бастан тепті ме танымай бағын?
Жұртында қалды сәби бесігі,
Ауылдың мұңы барын ойладым.

Қара орман елім тамырыңды ойла,
Ауыл тынысын дауыл ұрлайма?
Мәңгілік елге айналу үшін,
Ұлт болам десең ауылыңды ойла.

Арба сары

Жылдар жылжып, керуен көш жалғасады,
Уақыт жүйрік, жүйріктер алмасады.
Жаңа айды тудырып түн анамыз,
Күн күлімдеп асығыс тауды асады.

Әкем менің көшуге қам жасады,
Анам менің атанға шом жасады.
Қолу ағам шөгеріп қара атанды,
Бекең ағам жүк тасып қолдасады.

Қыстаудағы бекіттік әр қашаны,
Жайлауға әкетпейміз сар масаны.

Қозы-лаққа көгенсіз пана болар,
Түйеге теңдемейміз тор қашаны.

Секу ағам жалына жармасады,
Шалма арқансыз тұратын қолға сары.
Бір қорадан жүз жылқы өргізуші ек,
Нұрлан ағам мінетін арба сары.

Секу ағам жеккенде ат арбаны,
Құйысқаны құйрыққа маталмады.
«Соңғы түйе жүгі ауыр» деген қазақ,
Деп әкеміз мырс етіп мақалдады.

Аттың аты тартатын ат арбаны,
Жегіп көрген жоқ едік атанға әлі.
Жүк тиеген арбаның үстіне кеп,
Бір туғандар жайғасты қатар бәрі.

Әкеміз ат мінгізді, қойдан қалма,
Қарыныңыз ашпайды айран барда.
Ай мүйізді серкелер қой бастайды,
Жайлауға жетуші ек көз байланғанда.

Жолазықты дайындайды жаным анам,
Жан емеспіз еш қашан жарымаған.
Қыстан қалған сүрісін қапқа салып,
Құрт беретін қалта толы менің анам.

Жылқышының кенжесі едім, торы ат міндім,
Жылқы сырын әкем айтқан санап тұрмын.
Арба сары көш бастап желіп барады,
Құлақшынды қисайтып қарап тұрмын.

Қыстың да елемейді дауылын да,
Қамшы ойнайды сарының бауырында.
Ағылып ақ параққа жыр төгейін,
Тағылық болмайды ма тау ұлында.

Сен кеттің көшпен бірге қыратты асқан,
Ізінді сенен кейін сұры ат басқан.
Кигіз үйді жайлауға жеткізуші ең,
Біздің үйдің біреуін жылатпастан.

Әкеміздің сақтаулы тұр шалмасы әлі,
Көз алдымда сары аттың арбасы әлі.
Арба деген қазаққа үйреншікті,
Қарға менен құзғын да жер басады.

Көше берер уақытпен көшкен елім,
Дей алмаймын сары атты мәстек едің.
Талай тұлпар арбаға жегіліп жүр,
Ескі үйде шырқалған ескі өлеңім.

Әлі туар өзіндей арба сары,
Дәрімен құрта алмаспыз сар масаны.
Нұрлы жолы нұрлы көштің аман болса,
Болашаққа сапарымыз жалғасады.

Жылқы тектес қазақпыз елеңдеген,
Жырымды ағытайын көгендеген.
Қанжығама кереғаптың исі сіңген,
Шабыт келсе шабыспен дәлелдегем.

Көп шығар жүйрік сары, жорға сары,
Қарасам күнде сары, айда сары.
Өгіздей күшің менің әлі есімде,
Өзіндей ат көргем жоқ арба сары.

Ескерусіз тұлпарым кетпекпісің,
Менің мынау жырымнан көпте естісін.
Өрен дер ем өзінді арба сары,
Өлеңменен қояйын ескерткішін.